

ШЕКТІ

Кіші жүзде Шекті руы өте ірі және саны көп ру болған. Ол туралы ертеректегі мағлұматтарды таба алмадық. Шекті аталатын бұл ру алғаш рет XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыс деректемелерінде Әлімұлына кіретін ру ретінде айтылады. Ол туралы П. И. Рынков пен А. Левшинде де мәліметтер бар. Біздің бірқатар хабарламашылардың айтуымен жазып алған шежіреміз бойынша, Шекті руы айт, бұжыр, орманбай, жақайым, ожырай, байкөбек, жанқылыш және орыс деген сегіз бөлімшеге бөлінетіні көрінеді.

М. Тынышбаев келтірген шежіре бойынша, Шектінің арыс, баубек және жақайым деген үш бөлімшесі ғана бар. «Қырғыздардың (қазақтардың Ред.) жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» келтірілген шежірелер біздің мәліметтеріміздің дәл екенін растайды, дегепмен, мұнда да алшақтықтар бар.

«Қырғыздардың (қазақтардың Ред.) жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» біз айтқан сегіз бөлімшеден басқа тағы да жекей және шірен деген екі бөлімше көрсетілген. Шынына келгенде, олардың екеуі де бұжырдан тарайтын келесі буынға жатады.

Шектінің рулық таңбасы Ч Рудың таңбалары туралы «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдар» неғұрлым толық түсінік береді, онда он екі белгі келтірілген, олар: Ч, ЧР, К, К, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч

Бұл белгілерді салыстыра келгенде, біз олардың көпшілігінде тек ұсақтүйек айырмашылықтар бар екенін көреміз. Мәселен, біріншісі, екіншісі, үшіншісі, жетшісі, сегізіншісі, тоғызыншысы мен оныншысы ұқсас, жалпы Ч белгісінен шығады және С. А. Аманжоловтың келтіргеніне сәйкес келеді. К немесе Ч, Ч, Ч белгілері де ұқсас. Олардың айырмашылығы қосымша тік сызықтың болуында немесе болмауында және оның орналасуында ғана. Ожырай руының Ч таңба белгісі ерекше тұр, Сонымен, іс жүзінде шектінің негізгі үш таңбасы: Ч, Ч, Ч Бар, М. Тынышбаев келтірген таңбалар басқа деректермен дәлелденбейді.

Бұл таңбаларды басқа рулар мен тайпалардың таңбаларымен салыстыра келгенде, біз біріншісі (шекті руының негізгі үш таңбасынан) Алаш руының (Кіші жүз) таңбаларына және найман тайпасының (Орта жүз) бағаналы руының таңбаларының біріне өте жақын келетінін байқаймыз. Екінші таңба жалпы найман таңбасымен, ал оның бір түрі (сызықша қосылған) Шөмекей және Алтын (Кіші жүз) руларының таңбаларымен бірдей. Бұл фактілер, айтар болсақ, Алаша сияқты, Шекті руының да негізгі бөлігі найман тайпасынан шыққандардан тұрады деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

Кезінде С. А. Аманжолов та осылай болуы мүмкін деп көрсеткен еді. Шектілердің соңғы таңбасы өз тегін арғын тайпасының (Орта жүз) қаракесектерінен бастайтын қаракесек руының таңбасымен жақын, сондықтан да шектілердің бір бөлігінің, атап айтқанда ожырай бөлімшесі атабабаларының арғындардан шығуы мүмкін екенін теріске шығармайды.